

**Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 ақпандағы "Жамбыл аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 29-190 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 мамырдағы № 33-231 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 20 мамырда № 2725 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына, "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 ақпандағы "Жамбыл аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 29-190 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылы 20 наурызда № 2623 тіркелген, 2014 жылы 29 наурызда аудандық "Атамекен" газетінің № 13(5693), 5 сәуірдегі № 14(5694) жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

33-тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Облыстың тексеру комиссиясының бюджеттің атқарылуы туралы есебін мәслихат ж ы л с а й ы н қ а р а й д ы ."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысы Хажмұқан Ормаханұлы Мырзабековке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы	А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
	Б. Досмұхамбет
хатшысы	А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
	С. Жұрын